**2011 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 932 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 30 қаңтарда N 5-9-146 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Глубокое аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 04 қаңтардағы N 09-02-10 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Глубокое аудандық әкімдігінің 2012.01.04 N 09-02-10 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Жұмыспен қамту туралы» Заңының 20-бабы, 7-бабы 5) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелері, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 2 бабы негізінде, жұмыспен қамтуда қиыншылық тартқан тұрғындардың әр топтарына демеу көрсету үшін және мемлекеттік кепілдер жүйесін кеңейту мақсатында, Глубокое аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын кәсіпорындардың тізбесі, адамдардың саны, түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары бекітілсін.

2. Қатысушылардың еңбекақы төлемінің мөлшері 2011 жылға белгіленген ең төменгі еңбекақы төлемінен кем емес мөлшерде бекітілсін. Глубокое кентін тазалау және көгалдандыру бойынша жұмыстардағы төлемақы сомасы радиациялық тәуекелі жоғары аймақта тұрғаны үшін қосымша төлеммен 1,8 ең төменгі еңбекақы төлемі есебінен бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Глубокое аудандық әкімдігінің 2011.07.08 № 1192 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Ұйымдар басшыларына (келісім бойынша) жұмысшылардың жеке санаттарына (кәмелеттік жасқа толмаған балалы әйелдерге, көп балалы аналарға,

мүгедектерге) толық емес жұмыс күні бойынша жұмыс істеуге және жұмыс уақытын ұйымдастыру үшін жеңілдетілген түрлерді қолдануға мүмкіндіктер беру ұсынылсын.

4. Қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары М. Пономареваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое ауданының әкімі В. Кошелев*

Глубокое аудандық әкімдіктің 27 желтоқсан 2010 ж. № 932 қаулысымен бекітілді

## 2011 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі, адамдардың саны, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері мен нақты жағдайлары

| р/с № | Ұйымдардың атауы | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Атқарылатын жұмыстардың көлемі | Сұраныс (көрсетілген қажеттілік) | Ұсыныс (бекітілді) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | «Глубокое кенті әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу | 800 шаршы метр, 3500 шаршы метр, айына 40-50 құжат, жылына 1500 хабарлама, 20 кітап | 130 | 130 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 2 | «Глубокое ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» Мемлекеттік мекемесі | әлеуметтік жәрдемақыларға құжаттарды қабылдау және ресімдеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, жалғыз басты қарт адамдарды үйде қамтамасыз ету | айына 30-40 өтініш, күніне 40-60 құжат, жылына 120 келу | 6 | 6 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 3 | «Белоусовка кенті әкімінің | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық | | 45 | 45 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аппараты» Мемлекеттік мекемесі | кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, әлеуметтік- мәдениет саласындағы объектілерді жөндеу, консъерждер | 100,5 мың шаршы метр, 4900 хабарлама, 226 кітап, 2 объекті | | | Глубокое ауданының бюджеті |
| 4 | «Алтайский кенті әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу | 40 мың шаршы метр, жылына 550 құжат, 1500 хабарлама, 1900 аула | 10 | 10 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 5 | « Верхнеберезовский кенті әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу | 38 мың шаршы метр, жылына 480 құжат, 1350 хабарлама, 300 аула | 28 | 28 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 6 | «Бобровка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, жалғыз басты қарт адамдарды үйде қамтамасыз ету | 500 тоғай, 35 километр, 550 шаршы метр, 1077 аула, бір адам | 9 | 9 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 7 | «Ушаново ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу | 1500 шаршы метр, күніне 15-20 құжат, 350 хабарлама, 47 кітап | 2 | 2 | Глубокое ауданының бюджеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Глубокое |
| 8 | «Веселовка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, ветеринарлық, санитарлық-профилактикалық шараларға қатысу | 200 шаршы метр, 200 тоғай, 1800 шаршы метр, 477 есеп шот, 2 объекті, 1478 мал басы | 15 | 15 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ауданының бюджеті |
| 9 | «Калинин ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, ветеринарлық, санитарлық-профилактикалық шараларға қатысу | 100 тоғай, 8000 шаршы метр, 530 есеп шот, 1000 мал басы, айына 30 дана | 10 | 10 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 10 | «Кожохово ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, ветеринарлық, санитарлық-профилактикалық шараларға қатысу | 50 шаршы метр, 3900 шаршы метр, айына 20-30 құжат, 840 хабарлама, 840 аула, 2020 мал басы | 15 | 15 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 11 | «Краснояр ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, объектілерді жөндеу | 250 тоғай, 25 мың шаршы метр, 87 кітап, 5 объектілер, 500 хабарлама, 1 объекті | 20 | 20 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 12 | «Куйбышев ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, объектілерді жөндеу | 200 тоғай, 1800 шаршы метр, айына 40-50 құжат, 800 аула, 2 объекті | 22 | 22 | Глубокое ауданының бюджеті |
| 13 | «Опытное поле ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу | 20 мың шаршы метр, күніне 25 құжат, 15-20 дана, 1712 аула | 8 | 8 | Глубокое ауданының бюджеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | «Черемшанка ауылдық округі әкімінің аппараты » Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру ), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу | 200 тоғай, 112 мың шаршы метр, айына 15-20 құжат, жылына 120 келу, 35 кітап | 10 | 10 | Глубокое ауданын бюджеті |
| 15 | «Секисовка ауылдық округі әкімінің аппараты » Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру ), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, объектілерді жөндеу | 250 тоғай, 500 мың шаршы метр, күніне 15 -20 құжат, 680 аула, 1250 дана, 170 бала, 1 объекті | 20 | 20 | Глубокое ауданын бюджеті |
| 16 | «Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | аумақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру ), аумақты тазалау, ағымды, мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу, құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, хабарландыруларды жеткізу, шаруашылық кітаптарды анықтау жөніндегі сұраныстарға қатысу, обьектілерді күзету | 80 мың шаршы метр, айына 20-30 құжат, 1350 аула, 1 объекті | 12 | 12 | Глубокое ауданын бюджеті |
| 17 | «Фрунзе ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі | тұрғын үй-коммуналды шаруашылық мәдени-әлеуметтік ауыл-шаруашылық пен өнеркәсіп бағытындағы объектілерді салу, жөндеу бойынша жұмыстар, ауыру және кәрі адамдарды күту, аймақтық қоғамдық кампаниялар өткізуге көмек көрсету | 300 тоғай, 2700 шаршы метр, 500 құжат, 1300 аула | 16 | 16 | Глубокое ауданын бюджеті |
| 18 | «Малоубинка ауылдық округі әкімінің аппараты » Мемлекеттік мекемесі | Тұрғын үй-коммуналды шаруашылық мәдени-әлеуметтік ауыл-шаруашылық пен өнеркәсіп бағытындағы объектілерді салу, жөндеу бойынша жұмыстар, ауыру және кәрі адамдарды күту, аймақтық қоғамдық кампаниялар өткізуге көмек көрсету | 200 тоғай, 1800 шаршы метр, айына 40-50 құжат, 950 аула | 12 | 12 | Глубокое ауданын бюджеті |
| 19 | Жеке кәсіпкер Козлов А. А. ( келісім бойынша) | мектеп асханаларындағы қосалқы жұмыстар | 150 бала | 2 | 2 | Глубокое ауданын бюджеті, жұмыс беруші |
| | «Шығыс Қазақстан ауыл | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | шаруашылығын ғылыми зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестік (келісім бойынша) | дән және май дақылдарын, картоп, жеміс-жидек өсіру, егінге тұқымдарын даярлау бойынша маусымдық жұмыстар, егін жинау, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу, обьектілерді күзету, бөлмелерді тазалау | жеміс- жидегінің 2 гектары, 6,8 тонна дәнді дақылдар, 280 тонна картоп, 4 объекті , 2 қосалқы бөлме | 8 | 8 | Глубокое ауданынын бюджеті, жұмыс беруші |
| | **Барлығы:** | | | **400** | **400** | |

Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары: аптадағы жұмыс күндері 5 күн және екі демалыс күні, жұмыс уақыты сегіз сағат, түскі үзіліс бір сағат, еңбек ақы жұмыссыздардың жеке есеп шоттарына аударылған жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді; қауіпсіздік техника және еңбекті қорғау бойынша нұсқау жасау, арнайы киіммен, аспаптармен және жабдықтармен қамтамасыз ету; уақытша жұмысқа жарамсыздық үшін, денсаулығына зиян немесе зақым тиген үшін әлеуметтік жәрдемақы төлеу; зейнеткерлік және әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Жұмысшылардың жеке санаттарына (әйелдер және отбасылық міндеттері бар адамдар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған адамдар) қоғамдық жұмыстардың жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушілермен жұмысшы арасында жасалатын еңбек келісім шарттарымен көзделіп сәйкестік санаттың еңбек жағдайларының ерекшеліктерін есептеу жолдарымен белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК